

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ЖУАЛЫ
АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ЖАҢА-ТЕРІС»
БӨБЕКЖАЙ- БАҚШАСЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ 01 СӘУІРІНДЕ
ӨТКІЗІЛГЕН ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫНЫҢ КӨШІРМЕСІ**

Қатысқандар саны:

Бөбекжай – бақша әкімшілігі – 3

Қамқоршылық кеңес мүшелері - 7

Қатыспағаны: жоқ.

Күн тәртібінде:

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Жаңа-Теріс» бөбекжай- бақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттауға дайындығы және өзін-өзі бағалау құжаттарын қорытындысымен қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстыру туралы.

1. Тыңдалды. Б.Раздыкова / меңгеруші /

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 5 бабының 9 тармағына, 59 бабының 3,4 тармақтарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде бөбекжай – балабақшада 2022-2023, 2023-2024 және ағымды 2024-2025 оқу жылындағы қызметі өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізілгенін атап өтті. Білім беру сапасын нәтежелі түрде бақылуға алуды тапсырды. Бөбекжай – бақшада өзін- өзі бағалау объектілеріне сараптама комиссия мүшелері мұқият талдау жүргізді. Атап айтанын болсақ : тәрбиленушілердің тізімдік контингенті, оқу-әдістемелік жұмыс, оқу материалдық активтер, кадрлік құрамға талдау жасалды. Б.Раздыкова педагогикалық қызметкерлерді 2025 жылдың 11 наурыз -01 сәуір аралығында атқарылған барлық жұмыстармен және өзін -өзі бағалау материалдарымен таныстырды.

Комиссия мүшесі Л.Ниязбаева сөз алып: Атқарылған жұмыстар бойынша объектілерге мұқият талдау жүргізілгені және типтік оқу бағдарламасының игеру деңгейлері, перспективалық жоспар, апталық циклограммалар туралы айтты. Бөбекжай-бақша қызметі нормативтік құжаттарға сәйкес екентігін атап көрсетті . Бөбекжай-бақша педагогтері курстарға, семинарларға, конференцияларға қатысу арқылы кәсіби біліктіліктерін жүйелі түрде арттырып отырғанын, сонымен қатар тәрбиеленушілердің оқу жүктемесіне ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес сақталғандығын айтты . Сонымен қатар барлық

атқарылып жатқан жұмыстардың Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына» сәйкес жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қ. Жумасаева сөз алды. Бөбекжай-бақшада баланың дамуы және жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдай жасалғанын, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның мазмұны балалардың мүдделеріне сай екенін айтты. Өзін-өзі бағалау критерийлеріне сәйкес бөбекжай – бақша жұмысының қызметі жақсы деңгейде екені айтылды.

Шешім :

1. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Жаңа-Теріс» бөбекжай- бақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттауға дайындығы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Мемлекеттік аттестаттау кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізге алынсын.
3. «Өзін-өзі бағалау» құжаттары 2025 жылдың 15 сәуірге дейін дайындалып, өз уақытында уәкілетті ұйымға тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Қ.Жумасаева.

Хатшы:

Г.Ашықбаева.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері :

К. Мүсірепбекова.

Ж.Молдабай

Е.Сыдықова

Ж.Бескепе

Д. Тұрашева

Е. Сейтқұлоа